



Автор: Жумасаева Бибигуль Сагандыковна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Табиғи құбылыстар
Тақырып: Төлеген Айбергенов "Аппақ қыс"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Өлеңмен таныстыру арқылы негізгі ойды анықтауға мүмкіндік туғызу.
Сабақтың мақсаты:	Өлеңмен таныстыру арқылы негізгі ойды анықтауға мүмкіндік туғызу.
Күтілетін нәтиже:	1.Өлеңменмен танысу арқылы негізгі ойды анықтайды, ойды жүйелі жинақтауға үйренеді; 2.Өз біліміне есеп беріп, бағалауға үйренеді; өзіндік ойын ортақ пікірге тоғыстырып біледі; 3.Автор көтерген идея арқылы сүйіспеншілікке, мейірімділікке тәрбиеленеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (11 минут)	Психологиялық ахуал "үш тілде" амандасу "Гүл" тренингін өткіздім. Біз бүгінгі сабағымызда үш топпен жұмыс жасаймыз. I-топ II-топ III-топ Мен қазір сендерге стикер таратамын кимге сурет келсе, сол менің агентім болады.Бір –біріне көрсетпейсіңдер.Сабақтың соңында оқушыларға баға қоясыңдар.Іштей қойып отырыңдар. Үй тапсырмасын «Бумеранг» әдісімен бастайық Бір оқушы сұрақ дайындап, баланың атын атап сұрақ қояды. Сол бала сұраққа жауап береді.Егер сұраққа жауап бере алмаса өзі жауап береді.	Жалпы білім беретін мектептің 4—сыныбына арналған оқулық.
Сабақтың ортасы (22 минут)	"Молекула" әдісі топқа бөлу «Болжау» әдісі арқылы жаңа сабақты ашу.Бүгінгі сабаққа мақсат қояйық. Төлеген Айбергенов – қазақтың біртуар ұлы, кеңес ақыны. 1937 жылы қарақалпақ елінің Қоңырат ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институтты бітірген. Қоңырат ауданында, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданында мұғалім болған. 1958 жылдан бастап өлеңдері «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінде жариялана бастады. Айбергенов «Арман сапары» , «Өмірге саяхат» , «Құмдағы мұнаралар» т.б өлеңдер жинағының авторы. «Болжау кестесі» толтыру Оқулықпен жұмыс.Видео көріп, видеодағы сөздерді есіне сақтау керек.Сақтаған сөздерді кір жайғышқа ілеміз. Әр топтаға оқушы іштей оқиды, содан соң 3 шумақты оқып, талдайды.Бір –біріне сұрақ қояды. Алғашқы бөлімде қысты ақ қолғап киген жанды адам ретінде кейіптеп отыр.Ал өзен, теңіз, тау-төбелерді ақ сәукелелі қызға теңеп отыр. Жосылған іздерді рояльдің тіліне ұқсатып отыр. Екінші бөлімінде ақ қысты әдемі сұлу өлеңге теңеп отыр.Аппақ қарларын басқан сайын Сол әуен жырлап кететіндей болып отыр. Мұнда да ақын кейіптеуді кең қолданған. Соңғы бөлімде ақынның қыс мезгілін ұнататыны аңғарылады.Қыстың сүйкімді күні төбеңнен төніп, оянбасыңа қоймайды. Ал осы қарда омбылап жүргенде еріксіз есіңе көктем түсетінін айтады. Топпен жұмыс. I топ:суреттерден өлеңнің сөздері болса, коллаж жасау. II топ: Қыс туралы өлең шығару III топ: Қыс туралы эссе жазу.Әр қайсыларын бір-бір сөйлемнен жазып эссе құрастырыңдар. Пазл құрастыру (сынып ережесін еске түсіру).	Жалпы білім беретін мектептің 4—сыныбына арналған оқулық.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	Агент бағалайды.Оқушыларға баға қояды.	Жалпы білім беретін мектептің 4—сыныбына арналған оқулық.
Рефлексия (5 минут)	Біз мақсатымызға жеттік пе.Келесі сабақ қандай түрде болсын? Үй тапсырмасы: Өлеңді жаттау	Жалпы білім беретін мектептің 4—сыныбына арналған оқулық.